

**«2024-2025 оқу жылының басталуы,
ұзақтығы және білім алушыларды
қорытынды аттестаттаудан өткізу
бойынша жұмыстарды ұйымдастыру
туралы»**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «2024-2025 оқу жылында ҚР жалпы білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын.
2. Мектепте оқушылар, педагогтадың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қатаң бақылауға алынсын.
3. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізілсін.
4. 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуының келесідей мерзімдері айқындалсын:
 - 1-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
 - 1-тоқсан -8 оқу аптасы, күзгі демалыс -7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда)
 - 2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс-10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда)
 - 3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс -11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда)
 - 1-сыныптарда және мектепалды даярлық тобында қосымша демалыс- күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда).
 - 4-тоқсан – 8 оқу аптасы.
5. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 9 сынып оқушылары үшін:
 - 1)математикадан (алгебра)бойынша жазбаша емтихан(бақылау жұмысы)-2025 жылғы 29 мамыр;
 - 2)қазақ/орыс тілдерінен(оқыту тілі бойынша) эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін- жазбаша жұмыс(мақала/әңгіме/эссе)-2025 жылғы 2 маусым;
 - 3)таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан(физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет)- 2025 жылғы 5 маусым;
 - 4)орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан(мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан(мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау)- 2025 жылғы 10 маусым.
 - 11 сынып оқушылары үшін:
 - 1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан -2025 жылғы 30 мамыр
 - 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан-2025 жылғы 3 маусым;
 - 2)қазақ/орыс тілінде білім алатын мектептер ана тілі бойынша жазбаша емтихан- 2025 жылғы 6 маусым;
 - 3)таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан(физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет(оқыту тілі бойынша), шет

тілі(ағылшын), информатика)- 2025 жылғы 12 маусым

4)орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан -2025 жылғы 13 маусым.

6. ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта юілімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

7. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпыға орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы негізге алынсын.

8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау мектеп директорының орынбасарларына жүктелсін.

Мектеп директоры:  Киясов С.К.